

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

SB2000



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
2	Портативті динамигіңіз	3
	Кіріспе	3
	Қораптың құрамы	3
3	Жұмысты бастау	4
	Кірістірілген батареяны зарядтау	4
	Қуатты қосу/өшіру	4
4	Bluetooth құрылғыларын пайдалану	6
	Құрылғыны қосу	6
	Дыбысты Bluetooth функциясы арқылы ойнату	7
	Қоңырау шалу	7
	Жұптастыру журналын тазалау	7
5	Сыртқы құрылғыны тыңдау	8
6	Дыбыс деңгейін реттеу	9
7	Өнім туралы ақпарат	10
	Жалпы ақпарат	10
	Bluetooth	10
	Күшейткіш	10
8	Ақаулықтарды жою	11
	Жалпы ақпарат	11
	Bluetooth құрылғысы туралы	11
9	Ескерту	12
	Сәйкестік	12
	Қоршаған ортаны күту	12
	Өнімде көрсетілген тауар белгісі	12
	Авторлық құқықтары	13

1 Маңызды ақпарат

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне өнімді жақын қоймаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Өнім зақымдалған жағдайда қызмет көрсету қажет етіледі.
- Қауіп келтіретін заттарды, мысалы, жанып тұрған шырақты өнімге қоймаңыз.
- Өнімді күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Батареяны зарядтап жатқанда немесе сыртқы құрылғыны USB кабелімен тыңдағанда, бұл өнімге сұйықтық тигізбеңіз.
- Бұл өнімге сұйықтық тиместен бұрын, қорғаныш қақпағының мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Ылғал жағдайда немесе өнім дымқылданғанда, қорғаныш қақпағын ашушы болмаңыз.
- Ылғал жағдайда пайдаланған соң, өнімді бірден жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз, сосын жақсы желдетілетін, күн сәулесі түспейтін жерде оны кептіріңіз.
- Батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратуға болмайды.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.



Абайлаңыз


- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.



Ескерту

- Кірістірілген батареяны шығарып алу кепілдікті жарамсыз етеді және өнімді бұзуы мүмкін.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Ескертпе

- Қайта зарядталмалы батареяларының зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

2 Портативті динамигіңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/support.

Кіріспе


Осы динамикпен келесі әрекеттерді орындай аласыз:

- Bluetooth қосылымы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау,
- USB ұяшығы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау және
- қоңырау шалу.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- USB кабелі
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы



3 Жұмысты бастау


Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Кірістірілген батареяны зарядтау

Динамик кірістірілген зарядталатын батареямен қосылады.

Ескертпе

- Пайдаланбастан бұрын кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.



- 1 Қорғағыш қақпақты ашыңыз.
- 2 USB кабелін төмендегілердің арасында жалғаңыз
 - динамиктегі micro USB ұяшығы және
 - компьютердегі USB ұяшығы.


Батарея көрсеткіші

ⓘ түймесінің жанындағы ЖШД индикаторы батарея күйін көрсетеді.

Индикатор	Батарея
Қып-қызыл	Зарядталып жатыр
Өшіру	Толық зарядталған

Қуатты қосу/өшіру

Оны қосу немесе өшіру үшін ⓘ түймесін басыңыз.




Ескертпе

- micro USB ұяшығына USB кабелі жалғанған болса, бұл өнім автоматты түрде өшпейді. Батарея қуатын үнемдеу үшін пайдаланудан кейін USB кабелін ажыратыңыз немесе өнімді қолмен өшіріңіз.
- Bluetooth режимінде, 15 минут бойы Bluetooth қосылымы болмаса немесе осы өнімге аудио ағыны жіберілмесе, бұл өнім автоматты түрде өшеді.

Автоматты датчикті пайдалану

Осы өнімге автоматты датчик кірістірілген. Оңай өшіру үшін осы өнімнің бағытын реттеуге болады.



- 1 Автоматты датчикті қосу үшін жүгірткіні ON күйіне ауыстырыңыз.

- 2 Динамикті аударып қойыңыз.
- ↳ 30 секундтан кейін ол автоматты түрде өшеді.
- Оны қайтадан қосу үшін ① түймесін басыңыз.
 - Автоматты датчикті өшіру үшін жүгірткіні **OFF** күйіне сырғытыңыз.

4 Bluetooth құрылғыларын пайдалану


Осы динамик көмегімен ойнатқыш дыбысын тыңдауға және Bluetooth арқылы қоңырау шалуға болады.



Ескертпе

- Gibson Innovations компаниясы барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік бермейді.
- Құрылғыны осы өніммен жұптастырудың алдында Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз. Жалғанған Bluetooth құрылғысы Кеңейтілген аудио тарату профилін (A2DP) және Аудио және бейне қашықтан басқару профилін (AVRCP) қолдайды.
- Өнім ең көбі 4 жұптасқан құрылғыны сақтай алады.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосылу екенін және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін.
- Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаныңыз.

Құрылғыны қосу



- 1 Құрылғыда Bluetooth құрылғыларын іздеңіз.
 - 2 Құрылғылар тізімінде **SB2000** құрылғысын таңдаңыз.
 - Егер **SB2000** құрылғысымен Bluetooth қосылымына рұқсатты сұрайтын хабар көрсетілсе, оны растаңыз.
 - Егер құпия сөз сұралса, **0000** мәнін теріңіз, содан соң растаңыз.
- Bluetooth қосылымы орнатылған кезде динамик дыбыстық сигнал шығарады.

Bluetooth көрсеткіші

✓ түймесінің жанындағы ЖШД индикаторы Bluetooth байланысының күйін көрсетеді.

Индикатор	Bluetooth байланысы
Көк түспен жыпылықтау	Байланыс орнатылып жатыр немесе байланысты орнатуды күтуде
Көк түспен жану	Байланыс орнатылды

Құрылғыны ажырату

Құрылғыда өніммен Bluetooth қосылымын ажыратыңыз.



Ескертпе

- Басқа Bluetooth құрылғысын қосудың алдында алдымен ағымдағы құрылғыны ажыратыңыз.

Құрылғыны қайта қосу

- Автоматты қайта қосылу функциясы қосылған жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін бұл өнім оны анықтаған кезде оған қайта қосылады.
- Автоматты қайта қосылу функциясын қолдамайтын жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін оны бұл өнімге қолмен қайта қосыңыз.

Дыбысты Bluetooth функциясы арқылы ойнату

Ескертпе

- Егер қосылған Bluetooth құрылғысы Дыбысты Таратудың Кеңейтілген Профилін (A2DP) қолдаса, жүйе арқылы құрылғыда сақталған жолдарды тыңдауға болады.
- Сондай-ақ, құрылғы Дыбыс/Бейне құрылғыларын қашықтан басқару профилін (AVRCP) қолдаса, бұл өнімдегі ойнатуды басқаруға болады.
- Егер қосылған құрылғы AVRCP мүмкіндігін қолдамаса, қосылған құрылғыда ойнатуды басқарыңыз.
- Егер қосылған ұялы телефонда кіріс қоңырауы болса, музыканың ойнатылуы уақытша тоқтатылады.

Түймелер	Функциялар
	Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру.
	Динамиктің дыбыс деңгейін арттыру немесе төмендету.

Қоңырау шалу

Түймелер	Функциялар
	Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басыңыз.
	Ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз.
	Кіріс қоңырауынан бас тарту үшін басып тұрыңыз.
	Соңғы қоңырау соққан нөмірді теру үшін екі рет басыңыз.
	Ағымдағы қоңырауды ұстау және басқа кіріс қоңырауға жауап беру үшін екі рет басыңыз.
	Динамиктің дыбыс деңгейін арттыру немесе төмендету.

Жұптастыру журналын тазалау

Өнім өшірулі кезде Φ түймесін 8 секунд бойы басып тұрыңыз.


5 Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, осы өнім арқылы сыртқы дыбыстық құрылғыны, мысалы, MP3 ойнатқышын тыңдауға болады.



Ескертпе

- Динамикке Bluetooth арқылы ешбір құрылғы дыбыс ағынын жіберіп жатпағанын тексеріңіз.



- 1 Қорғағыш қақпақты ашыңыз.
- 2 USB кабелін төмендегілердің арасында жалғаңыз
 - осы өнімдегі micro USB ұяшығы және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұяшығы арасында жалғаңыз.
- 3 Сыртқы құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

6 Дыбыс деңгейін реттеу

+/− түймесін басыңыз.

7 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Жалпы ақпарат

Қуат көзі (USB ұяшығы арқылы)	5 В == 1 А
Ішкі батарея	Литий батарея (500 мА, 7,4 В)
Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	123 X 92 X 123 мм
Салмағы - негізгі құрылғы	0,6 кг

Bluetooth

Bluetooth сипаттамасы	V3.0
Қолдау көрсетілетін профильдер	A2DP V1.0, AVRCP V1.0, HFP және HSP
Ауқымы	10 м (бос орын)

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	5 Вт ОКМ
Сигнал-шұ арақатынасы	> 50 дБА
Шағын USB ұясы арқылы дыбыс кіру	650 мВ RMS, 22 кОм

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

Жалпы ақпарат

Қуат жоқ

- Динамикті зарядтаңыз.

Дыбыс жоқ

- Осы өнімде дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Bluetooth құрылғысының тиімді жұмыс ауқымында екенін тексеріңіз.

Динамиктен жауап жоқ

- Динамикті қайта іске қосыңыз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғымен қосылып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

9 Ескерту

Gibson Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік

Бұл өнім IEC 60529 IPX4 стандартына сәйкес сү өтпейтін етіп жасалған.

CE 0890 EAC

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстанаңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson Innovations компаниясы әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.

Авторлық құқықтары

2014 © Gibson Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды Gibson Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. Gibson кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.

Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

